

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 27 наурыздағы N 3432 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 24 қазандағы N 3717

"Көшіп келу туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 26 маусымдағы Заңының 6-бабына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14, 314-құжат) сәйкес қаулы етемін:

"1997 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 27 наурыздағы N 3432 U973432_ Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 13, 89-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Жарлықтың қосымшасында:

"Өзбекстан Республикасының" деген бағанның "Оңтүстік Қазақстан облысы" деген жолындағы "150" деген сан "135" деген санмен ауыстырылсын;

"Өзбекстан Республикасынан" деген бағанның "Жиыны" деген жолындағы "400" деген сан "385" деген санмен ауыстырылсын;

"Монғолиядан" деген бағаннан кейін мынадай мазмұндағы бағанмен толықтырылсын: "Сауд Аравиясы Корольдігінен";

"Сауд Аравиясы Корольдігінен" деген бағандағы "Оңтүстік Қазақстан облысы" деген жол "15" деген санмен толықтырылсын;

"Сауд Аравиясы Корольдігінен" деген бағандағы "Жиыны" деген жол "15" деген санмен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті